

## Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 29 қазандағы № 162 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 6 желтоқсанда № 6663 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 5 қаулысымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.01.2016 № 5 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің) тізілімін жүргізу және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұжымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркеу ережесін бекіту туралы» 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 121 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1534 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:  
көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің тізілімін жүргізу және сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркеу е р е ж е с і н д е :

9-тармақтың төртінші бөлігі алып тасталсын;

10-тармақ алып тасталсын;

14-тармақтағы «бес күндік мерзімде» деген сөздер «күнтізбелік бес күн ішінде» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. **Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 166 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін

қолданысқа

енгізіледі.

4. Заң департаменті (Н.В. Сәрсенова):

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап, он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің және «Атамекен» Одағы» Қазақстан Ұлттық экономикалық палатасы» Заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

5. Агенттік Төрайымының Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым*

*Е. Бахмутова*